

САБАҚ **3** Иса – Құдайдың Ұлы

Құдай туралы қандай да бір фактілерді соған ұқсас келесі бір фактілермен салыстыру арқылы түсіну оңайырақ болады. Мысалы, біз Құдайды Әке ретінде еш қиындықсыз қабылдай аламыз. Өйткені әке болу немесе әкеңнің болуы – бұл өзіміздің өмірлік тәжірибеміздің бір бөлігі. Біз жақсы әкенің өз балаларының қамын жеп, оларды жақсы көретінін көріп өскенбіз.

Құдай туралы өзге бір фактілерді түсіну оңайға түспейді. Әрі бұл бізді таңдандырмауы да керек! Біздің Құдай – ұлы, мәңгілік және құдіретті Жаратушы, әрі Оның ойлары мен жолдары біздікіне қарағанда анағұрлым жоғары. Біздің түсінуімізге қиын болатын фактілердің бірі біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы болып табылады. Бұл – Исаның Құдайдың Ұлы болу ақиқаты. Құдай – жалғыз Құдай, солай бола тұрса да Оның билігі, күш-жігері, даңқы бойынша Өзіне тең Ұлы бар.

Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып-білесіз

А. Ұлының Өз Әкесімен байланысы.

Ә. Ұлының Өз ізбасарларымен байланысы.

Осы сабақтың мақсаты

1. Исаның Құдай Ұлы екенін көрсететін ерекше тәсілді түсіндіру.
2. Құдай Ұлы мен Оның ізбасарлары арасындағы өзара қатынастар туралы Киелі Кітаптың маңызды тәлімдерін анықтау.

А. Ұлының Өз Әкесімен Байланысы

Мақсат 1. Исаның Құдай Ұлы екені туралы Киелі Кітаптың не айтатынын анықтау

Әкесі мен Ұлы мәңгілікке бірге

Өзінің Бетлехемде туғанына дейін Иса әрқашан Құдаймен, демек Өзінің Әкесімен бірге болды. Екінші сабақта сіз Миханың жазбасындағы 5:2 аяттағы Миханың пайғамбарлық сөзін оқыдыңыз. Онда Миха Мәсіхтің «шыққан тегі ежелгі заманнан, мәңгіліктен» екенін көрсетеді.

Өзінің айқыш ағашқа шегеленетінінен бір күн бұрын түнде Иса былай деп мінажат етті:

«Әке, әлем жаратылмай тұрып Өзіңмен бірге болғанымда ұлылыққа кенелген едім. Енді Мені өз қасыңда сол ұлылыққа қайтадан кенелте гөр» (Жох 17:5).

Әлемді жаратқан кезде, Иса Құдаймен бірге жұмыс істеді, Оның қасында болды. Жохан Исаны Сөз деп атап, өзі жазған Инжілді былай бастайды:

«Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді. Сөз әуелден-ақ Құдайда болатын. Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған» (Жох 1:1-3).

Көне Келісімде көптеген оқырмандарды тығырыққа тірейтін құпия бар. Жаратылыстың басталуы 1:26-да былай дейді: «Құдай енді: «Біз (рухани жағынан) Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық».

Құдай кіммен сөйлескен? Жохан бізге осы жұмбақты түсіндіруге көмектеседі. Иса, Құдайдың Ұлы, әлемді жаратқан кезде Құдаймен бірге болған. Екінші сабақта оқығанымыз естеріңізде болар, Ишая Мәсіхті «Құдіретті Құдай» және «Мәңгілік Әке» деп атайды (Иш 9:6). Бірақ бұл әлі аяғы емес.

Киелі Кітап тек бір ғана Жаратушы Құдай бар деп үйретеді. Солай бола тұрса да, Көне Келісім Ол үшін көптік түрді көрсететін атты – Элохим атын – 2300 реттен аса пайдаланады. Құдай деп аударылатын Элохим сөзі кейде Құдайдың жұмысын сипаттау үшін көптік жалғаулы есімдіктермен және етістіктермен қолданылған. Бұл әлемнің жаратылуын суреттеуде де орын алды. Кейде Элохим сөзі сандары бір емес, бірнешеу болатын тұлғалар бір тұлға ретінде әрекет еткенін көрсететін жекеше түрдегі етістікпен бірге қолданылды. Киелі Кітап «бір» деген сөзді бірлікті немесе санды көрсету үшін қолданады. Біз Құдай деп атайтын Құдайлық бірлік бірнеше тұлғадан тұрады.

«Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты... Ал Құдайдың Рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді... Құдай енді: «Біз (рухани жағынан) Өзімізге ұқсас әрі бейнелес адамдар жаратайық...» – деді» (Жар 1:1, 2, 26).

Көне және Жаңа Келісімдердегі Құдай аяндарының адамдарға ашылуына қарай біз Үш Тұлғаның Құдай деп аталатынын біле бастаймыз, олар – Әке, Ұлы және Киелі Рух. Біз оларды Үшбірлік Құдай немесе Киелі Үшбірлік деп атаймыз, бұл бірлікте Үш Киелі Тұлға бар дегенді білдіреді. Олардың мақсаттары, құдіреттері және табиғаты бірыңғай. Олар мінсіз ынтымақтастық пен үйлестікте әрқашан бірге жұмыс істеген: әлемді жаратқанда да, Иса жерде болған кезде де. Әрі бұдан кейін де әрқашан бірлікте әрекет ететін болады. Құдай деген сөз Әкені, Ұлды және Киелі Рухты көрсету үшін қолданылады. Оларды ажырату үшін біз Әкеге Құдай деп бет бұрамыз, Ұлын Оның жердегі Иса деген атымен атаймыз және Киелі Рух туралы сөз қозғаймыз.

Иса Өзінің Әкесімен одағы туралы біртұтас болу немесе Әкенің Ұлымен және Ұлының Әкесімен толықтай келісімі ретінде айтқан.

«Әке, Мені Өзіңнің жібергендігіңе адамзаттың сенуі үшін, Сенің Менімен, Менің де Сенімен тығыз байланыста тұрғанымыздай, сенушілер де Екеуімізбен тығыз байланыста тұрып, бәрі біртұтас болсын деп өтінемін» (Жох 17:21-23).

Құдай Әке Исаның мінажатына Жоханның 17:5 аятында оқығанымыздай жауап қатты. Иса біздің күнәларымыз үшін өлгеннен кейін, Құдай Оны өлімнен қайта тірілтті. Қырық күн өткен соң көптеген адамдар Оның қалай көкке көтерілгенін көрді. Кейінірек Құдай бірнеше адамға, мысалы Степанға Исаның салтанатты ұлылығымен Әкенің оң жағында отырғанын көруге мүмкіндік берді.

«Ал Киелі Рухқа кенелген Степан көкке қадала қарап, Құдайдың нұрлы салтанатын және Исаның Оның оң жағында тұрғанын көрді» (Елш 7:55).

Тапсырма

- 1** Киелі Кітапқа сәйкес Исаның Әкесімен өзара қатынасы ...
- а)** әлемді жаратқан кезде басталды.
 - ә)** әрқашан да болды.
 - б)** Ол туылғаннан басталды.
- 2** Киелі Үшбірлік ... білдіреді
- а)** Үш Тұлғасы бар бір Құдайды.
 - ә)** бірліктегі үш Киелі Тұлғаны.
 - б)** бір-біріне тең үш Құдайды.
- 3** Киелі Үшбірліктің барлық үш тұлғасын еске салатын Жазба – бұл ...
- а)** Миха пайғамбардың жазбасы 5:2.
 - ә)** Жохан жазған Ізгі хабар 17:5.
 - б)** Елшілердің істері 7:55.



Иса Құдайды Өзінің Әкесі деп атайды

Иса Құдай Өзінің Әкесі екендігін білді және сол туралы басқаларға айтып отырды. Ол Құдай туралы үнемі Өзінің Әкесі ретінде айтқан (тіпті он екі жасында да). Ол Өз мінажаттарында Құдайға Өзінің Әкесі ретінде сиынып отырды. Иса адамдарға Құдайдың Өзін жерге жіберген себебі, сенім артқандардың барлығына мәңгілік өмір беру екенін айтты.

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жох 3:16).

Иса Құдайдың еркін орындау арқылы Өзінің Әкесіне деген құрметін көрсетті. Ол адамдарға Құдайдың қандай тамаша екенін үйретіп, Өзінің ғажайып тәлімі мен кереметтерінің Әкесінен келгенін айтып отырды.

«Сендер көктен келген Билеушіні (айқышқа шегелеп) жоғары көтеріп қойған кезде Менің Сол екенімді, әрі еш нәрсені өз еркіммен істемей, тек Әкем қалай үйретсе, солай сөйлейтінімді ұғатын боласындар. Мені жіберген Әкем Өзіммен бірге. Мен әрқашан Оған ұнайтынын істейтіндіктен, Әкем Мені жалғыз қалдырмайды» (Жох 8:28-29).

Тапсырма

- 4** Жохан 3:16 аятты жаттап алыңыз.
- 5** Не туралы ойланып-толғанған жөн: Кей адамдар Иса жақсы адам болған, бірақ Құдайдың Ұлы болмаған дегенді де айтады. Солай болса да, Иса Өзінің Құдай Ұлы екендігін айтады. Егер Иса Құдайдың Ұлы болмай, бірақ Ол Өзін Құдайдың Ұлымын деп мәлімдесе, демек Оның адамдарды алдағаны ғой! Егер ол осындай өтірікші болса, Ол қалайша жақсы адам болады?



Құдай Исаны Өз Ұлым деп атайды

Біз Исаның Құдай Ұлы екендігін білеміз, өйткені Құдайдың Өзі Исаны Өзінің Ұлы ретінде құрметтейтінін өте айқын көрсетіп берген. Иса былай деді:

«Мен Өзіме куәмін, ал Мені жіберген Әкем де Маған куә.... Менің Өзімді құрметтеуім түк болмас еді; Мені құрметтеуші – Өз Әкем. Сендер Оны «біздің Құдайымыз» десеңдер де, Оны білмейсіңдер, ал мен Оны білемін» (Жох 8:18, 54-55).

Құдай Исаны құрметтеген және Иса Өзінің Ұлы екенін: 1) періштелер арқылы, 2) Киелі Рух арқылы, 3) жаратылыстан тыс белгілер арқылы растады.

Періштелер. Құдай Өзінің көктегі елшілері періштелерді адамдарға Исаның Өзінің Ұлы екенін айту үшін жіберген. Періштелер Жүсіп пен Мәриямға пәк қыздан туған Сәбидің Құдайдың Ұлы екенін айтқан. Періштелер Бетлехем өрістеріндегі малшыларға Құтқарушының туылғаны туралы жария еткен. Исаның ұлы сынақтары кезінде періштелер Оған жәрдемдесіп, күш беру үшін екі рет келген. Періштелер Исаның қабіріне кіреберістегі тасты домалатып жіберіп, Оның ізбасарларына Оның өлімнен қайта тірілгенін айтқан. Иса көкке көтерілген кезде, періштелер жиналған тобырға көрінген. Олар Иса қалай көкке көтерілсе, болашақта Оның дәл осылай қайтып келетінін айтқан.

Киелі Рух. Құдай Исаны құрметтегендіктен, Оның кім екендігін адамдарға ашып беру үшін Өзінің Рухын жіберген. Елизабет, Зәкәрия, Шимон, Мәриям, Анна Киелі Рухқа кенеліп, Оның жетегінде сөйлеген. Олар Сәби Исаның Мәсіх екенін айтты. Исаны әлемнің күнәларын өз мойнына алатын Құдайдың Ұлы және Құдайдың Тоқтысы екенін адамдарға жариялау үшін Құдай Жақия Шомылдырушыны Өз Рухына кенелтіп, ерекше елші ретінде жіберген. Иса шомылдыру рәсімінен өткенде Киелі Рух Оған көгершін ретінде түскен. Рух Исаны Құдайдың даналығы мен билігі дарыған Мәсіх, яғни Киелі Рухпен Майланған Адам Ұлы ретінде қызмет етуі үшін майлады.

Жаратылыстан тыс белгілер. Құдай Өзінің Ұлына куәлік беру үшін кереметтер көрсетті. Жол бастаушы жұлдыз ғұламаларды жаңадан туған Исаға алып келді. Адамдар үш рет Құдайдың Исаға құрмет көрсетіп көкпен үн қатқанын естіді. Иса Өзінің қызмет етуін ресми түрде бастағанда, Құдай былай деді: «Бұл – Менің сүйікті рухани Ұлым, Оған толықтай ризамын!» (Мат 3:17).

Өзге бір жағдайда Құдай Исаның ізбасарларына Өз Ұлының даңқын сыртынан көрсетті. Исаның жүзі олардың алдында

құбылып, Оның беті күндей нұрланып кетті. Құдай көктен тағы да былай деді: «Бұл – менің сүйікті рухани Ұлым, Оған ризамын. Оны тыңдаңдар!» (Мат 17:5).

Құдайдың дауысы үшінші рет естілді. Бұл, Иса Өзінің өлімі туралы айтқанда болды.

Жохан жазған Ізгі хабар 12:28 Исаның сөздерін былай деп жеткізеді: «Әке, өз атыңды ұлылыққа жеткізе гөр! – Сонда көктен: «Мен оны ұлылыққа жеткіздім және бұдан былай да жеткізе беремін», – деген үн естілді».

Исаның жердегі өмірі кезіндегі Оның жасаған барлық ғажайып істері, Құдайдың Ол туралы айтқандарының, яғни Құдайдың Ұлы екендігінің куәлігі. Иса өлгенде де Құдай дәл осылай көптеген белгі берді. Жер дірілдеп сілкініп кетті. Қараңғылық күннің бетін тұмшалады. Ғибадатханадағы ең қасиетті бөлмені жауып тұрған жамылғы қақ ортасынан айырылып жыртылды.

Үш күн өткеннен кейін, Құдай Өзінің Ұлын өлімнен тірілтіп алу арқылы Оны ізет тұтты. Бұдан кейін Құдай Оны көпшіліктің көзінше сол денесімен көкке көтеріп әкетті. Осыдан соң Ол бірнеше адамға Исаның көкте, Өзінің Әкесінің оң жағында отырғанын көруге мүмкіндік берді. Шәкірттері Мәсіхтің атынан Құдайға мінажат еткенде, Ол (Құдай) олардың мінажаттарына жауап берді және тамаша істер жасап отырды. Әрине, барлық сенушілер Құдайдың Өзінің Ұлы Иса туралы берген куәліктеріне сенулері керек.

Тапсырма

- 6** Матай жазған Ізгі хабар 3:17 аятты жаттап алыңыз.
- 7** Айталық, досыңыз: «Құдай Исаны Өзінің Ұлы деп атағанын қалайша білемін?» – деп сұрады делік. Ең жақсы жауап мынау болады:

- а) Құдай Исаны Өзінің Ұлы екендігін көрсеткен үш тәсілді баяндау.
- ә) Жерде болған кезде Исаның қаншалықты көптеген тамаша істер жасағанын түсіндіру.
- б) өз досыңызға Оған сену керектігін айту.



Ә. ҰЛЫНЫҢ ӨЗ ІЗБАСАРЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Мақсат 2. Құдай Ұлы мен Оның ізбасарлары арасындағы өзара қатынастар туралы Киелі Кітаптың маңызды тәлімдерін анықтау.

Құдай Әке мен Ұлының бір-бірін мойындап мәлімдегенін сіз көрдіңіз. Дәл осылай Құдайдың Ұлы мен Оның ізбасарлары бір-бірін мойындап мәлімдеді. Нәтижесінде Құдайдың Ұлының соңынан ергендер Онымен мәңгілік бір одақта болады.

Исаның ізбасарлары Құдайдың Ұлын мойындайды

Иса жерде болған кезде, Исаның соңынан ерушілер Оған сенгендіктен осылай еткен. Олар Иса Өзін Құдайдың Ұлы деп атағаны шындық екенін мойындайды.

Мысалға Шимон Петір былай деп мойындаған: «Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз!» (Мат 16:16).

Жохан жазған Ізгі хабар 20:28-де Томаның Исаны мойындағанын былай деп жазады: «Ием менің, Құдайым менің! – деп мойынсұнды».

Ал Исаның бүгінгі күнгі ізбасарларына келетін болсақ ше? Біз Оны қалай біле аламыз? Тек жай ғана қауым мүшесі болу арқылы ма? Немесе жай ғана мәсіхші аталып па? Нағыз мәсіхші

болу үшін біз Иса Мәсіх Иемізге сенім артып, Оның Құдайдың Ұлы және біздің Құтқарушымыз екенін мойындауымыз қажет. Біз осыны қалай істесек болады? Өз өмірімізді Оған сеніп тапсыру арқылы, Оған сенім арта отырып, барлық істерде Оның басшылығын қабылдау арқылы істей аламыз.

Жохан Исаның Құдай Ұлы екендігін дәлелдеу үшін және нәтижесінде біз Оған сенім артып, мәңгілік өмірге ие болуымыз үшін өзінің Інжілін жазды. Жохан мәңгілік өмірге ие болудың жалғыз жолы – Оның Ұлымен тығыз байланыста өмір сүру деген Құдайдың жолдауын өзінің хаттарында қайта қайталайды.

«Ал жазылғандары Исаның Құтқарушы Мәсіх, Құдайдың рухани Ұлы, екендігіне сендер сенсін, әрі сенімдерің арқылы Онымен тығыз байланыста тұрып, шынайы өмірге ие болсын деген мақсатпен жазылған»
(Жох 20:31).

«Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады. Осы өмір Оның рухани Ұлында. Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ»
(Жох1 5:11-12).

Тапсырма

- 8** Жоханның 1-хатының 5:11-12 аятына сәйкес Құдай бізге мәңгілік өмірді ... арқылы берді
- а)** біз жасайтын жақсы істер
 - ә)** киелі адамдардың идеялары
 - б)** Құдайдың Ұлы
- 9** Иса туралы жолдауларын жазғандағы Жоханның мақсаты ... болды
- а)** Исаның Құдайдың Ұлы екендігін дәлелдеу
 - ә)** Ол жасаған барлық кереметтерді баяндау
 - б)** Ол туралы қызықты ақпарат беру



Құдайдың Ұлы Өз ізбасарларын мойындайды

Біз тумамай тұрғанда-ақ Иса бізді білген. Әлем жаратылмас бұрын Құдай Әке, Оның Ұлы және Киелі Рух бізді өздерінің адамзатқа арналған жоспарына кіргізді. Олар бізді Құдайға ұқсас жаратылған, Оның сүйіспеншілігін бөлісетін, Оның біз үшін дайындаған игіліктерінен рахат алатын, Онымен мінсіз бақытты өмір сүретін Құдайдың балалары ретінде көрді.

Бірақ Құдай сонымен бірге басқа нәрсені де көрді. Ол адамзаттың бас көтеріп, Өзінен теріс бұрылып, күнә мен өлім жолын таңдап алатындығын көрді. Құдай біздің әлемдегі күнәнің нәтижелерінен азап шегетінімізді және мәңгілік өлім жазасына тартылатынымызды көрді. Біздің мойынсұнбаушылығымызға және рақымсыздығымызға қарамастан, Ол бізді Өзінің мінсіз сүйіспеншілігімен жақсы көрді. Әке, Ұлы және Киелі Рух бізді құтқарудың жоспарын жасап шығарды.

Біз әлі күнәкар болып жүргенде, Құдайдың Ұлы бізді Өзінің ізбасарлары болуымыз үшін таңдап алды. Ол біздің күнәмізді көрді және біздің орнымызға өлім жазасын Өз мойнына алды. Ол біздің әлсіз екенімізді көрді. Ол Өзіне келгендердің бәрін қабылдап, оларды күнәнің билігінен босатады.

«Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен таңдаған еді. Ол бізді Иса Мәсіхтің арқасында рухани балалары етуге алдын ала белгілеп қойды; Оның ізгі еркі осы болған» (Еф 1:4-5).

Ол жерде болған кезде Өзінің ізбасарларына арнап қолданған есімдер Оның Өз артынан ілескендердің барлығына деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Ол оларды Өзінің балалары,

Құдай ұлдары, әлемнің нұры, жердің тұзы деп атайды. Өзінің қалыңдығы, Өзінің куәгерлері, Өзіне Құдай Ие бергендер, Өзінің шағын қой отары, Өзінің таңдаулылары, Өзінің қауымы, Өзінің бауырластары, жүзім бұтағының сабақтары, Өз денесінің мүшелері ретінде қарайды.

Сіз Исаны өзіңіздің Құтқарушыңыз және Иеңіз деп мойындайсыз ба? Егер солай болса, Ол сізді Өзімдікі деп санайды.

«Сонымен Мені адамдар алдында мойындаған әркімді Мен де көктегі Әкемнің алдында мойындаймын. Бірақ Менен жұрт алдында танған әркімнен Мен де көктегі Әкемнің алдында танбақпын» (Мат 10:32-33).

«Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (Жох 1:12).

Тапсырма

- 10** Ефестіктерге арналған хат 1:4-5 бізді Құдайдың Өзі үшін.....таңдап алғандығы туралы айтады.
- а)** Иса туған кезде
 - ә)** әлемді жаратқанға дейін
 - б)** біз Исаға сене бастағанда
- 11** Құдай бізді Өзіне . . . арқылы келтіруді жоспарлады.
- а)** ең жақсы заңдар мен ережелер
 - ә)** Оның Ұлы Иса Мәсіх
 - б)** жаңа діни рәсімдер мен ғұрыптар
- 12** Біздің Онымен байланысымызды сипаттайтын әр сөз тіркесінің қасына Иса Өзінің ізбасарларына қойған есімнің санын жазыңыз.

- | | | |
|-------|---|------------------------------|
|а | Жақсы көреді және бағалайды | 1) Жүзім бұтағының сабақтары |
|ә | Өз өмірімен бөліседі | 2) Қалыңдық |
|б | Иса сияқты Құдайды өзіміздің Әкеміз деп білу | 3) Бауырластар |
|в | Біз Оның қорғауы мен қамқорлығына бөленгенбіз | 4) Қой отары |
|г | Біздер Онымен бірігіміз деген уәде берді | |



Ұл мен Оның ізбасарлары мәңгілікке бірге

Иса біздің Өзімен бірге болғанымызды қалайды, өйткені Ол бізді жақсы көреді және біздің өміріміздің және болашағымыздың жақсы болуы біздің Өзімен одағымызға байланысты екенін біледі. Ол біздің тәніміз, жанымыз және рухымызға арнап жаңа өмір береді. Біз Одан шынайы бақыт пен кемелділік табамыз және Оның зұлымдықты жеңе алған билігін көреміз. Күн сайын Онымен бірге жүретіндер Онымен бірге көкте мәңгілік өмір сүретін болады. Шомылдырушы Жақия Иса туралы былай деген:

«Әкесі Ұлын сүйіп, Оның қолына бар билікті тапсырған. Құдайдың рухани Ұлына сенушілер мәңгілік өмірге ие. Ал оны тыңдамағандар шынайы өмірді көрмей, Құдайдың төніп тұрған қаһарына ұшырайды» (Жох 3:35-36).

«Ал мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім» (Жох 10:10). «Жол, шындық және шынайы өмір – Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды» (Жох 14:6).

Біздің Мәсіхпен құрған одағымыздың тығыздығы соншалықты, Оған сенетін біздің барлығымыз Одан орын алғанбыз, ал Ол бізден орын алған.

«Мен «бұтамын», ал сендер «сабақтарымсындар». Менімен тығыз байланыстағылармен Өзім де тығыз байланыста тұрамын, сонда олар мол өнім бермек. Ал Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсындар» (Жох 15:5).

Пауыл біздің Мәсіхпен одағымызды Оның денесінің мүшелері ретінде өмір сүруіміз арқылы баяндайды. Иса – дененің Басы. Ал Қауым – Исаның денесі. Біз Оның денесінің мүшелері болғандықтан, Құдайдың күнәсіз Ұлының барлық құқықтары мен биліктері, Оның салтанатты ұлылығы, Ұлы мен Оның Әкесі арасындағы шексіз сүйіспеншіліктері мен қарым-қатынастары біздікі де болады.

«Бүкіл әлем жаратылмай тұрғанда-ақ Ол бар болатын, бәрін аман сақтайтын да – Сол. Мәсіх – сенушілер қауымының, яғни Өзінің рухани денесінің, Басы әрі оның өмірінің қайнар Бастауы. Ол – өлімнен қайта тірілгендердің ең Бастысы да. Сондықтан барлық жағынан да Оның жолы үлкен» (Қол 1:17-18).

«Құдай оларға осы құпия хабарда басқа ұлттар үшін қаншама мол жарылқау бар екенін білдірмек болып шешті: Мәсіх жүректеріңнен орын алды, сол себептен болашақ ұлылықтан үміттісіндер... Осылай әрбір жанды Мәсіхпен тығыз байланыста, толық кемелденген түрде Құдай алдына әкелуге талаптанудамыз» (Қол 1:27-28).

Тапсырма

- 13** Жохан жазған Ізгі хабар 14:6 аятты жаттап алыңыз.
- 14** Әрбір ДҰРЫС пайымдау алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Біз Құдай даңқын бөлісуіміз үшін, Мәсіх бізде өмір сүруі керек.
- ә)** Иса былай деді: кейбір адамдар Құдай Әкеге Исаға қатыссыз келе алады.

б) Қауымның өмір сүруінің көзі қауымды басқаратын адамдардың нұсқауларын басшылыққа алуда.

14 Алдыңғы жаттығуда (саны 14) екі жалған пайымдау болды. Осы пайымдаулардың әрқайсысының әрпін және осы мәлімдеменің жалғандығын көрсететін Киелі Кітап аяты берілген сілтемені жазыңыз.

.....
.....
.....



Сіз Иса Мәсіхтің Құдайдың Ұлы екендігін оқып білдіңіз. Сондықтан Онымен одақтас болу арқылы біз Оның құдайлық өмірімен бөлісеміз. Алайда Иса, сонымен бірге, адамға айналды. Ол мұны неліктен іске асырды? Мұның себептерін біз келесі сабақта оқитын боламыз.

Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 9 а) Исаның Құдай Ұлы екендігін дәлелдеу.
- 1 ә) әрқашан да болды.
- 10 ә) әлемді жаратқанға дейін.
- 2 ә) бірлікте Үш Киелі Тұлғаны
- 11 ә) Оның Ұлы Иса Мәсіх.
- 3 б) Елшілердің істері 7:55.
- 12 а) 2) Қалыңдық.
ә) 1) Жүзім бұтағының сабақтары.
б) 3) Бауырластар.
в) 4) Қой отары.
г) 2) Қалыңдық.
- 5 Жоқ, Ол олай істей алмады. Егер сіз Иса жақсы адам болды дегенге сенсеңіз, сіз, сонымен қатар, Оның Өзі туралы шындықты айтқандығына да сенуіңіз керек. Ол Өзі айтқандай Құдайдың Ұлы болып табылады.
- 14 а) Шын.
ә) Жалған.
б) Жалған.
- 7 Ең жақсы жауап мынау болып табылады: **а)** Құдайдың Исаның Өзінің Ұлы екендігін көрсеткен үш тәсілді баяндау; **ә)** дұрыс жауап болады, бірақ та ол Құдайдың не істегенін тікелей көрсетпейді; **б)** Киелі Кітаптағы Құдай Ие берген куәлікті пайдаланбағандықтан, ол көмектеспейді.
- 15 б) Жохан 14:6.
в) Қолос. 1:17-18.
- 8 б) Құдайдың Ұлы.